

Жангелдин ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 11 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 мамырда № 10003 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жангелдин ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Ержигитова

Жангелдин
аудандық мәслихатының
2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ 11 шешіміне
қосымша

Жангелдин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	158,00
Жайлы емес үйлер		
Жылдық тариф бірлігіне (көлеміне)	1 м3	1436,38